

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 265-269

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ «ЖАҢА ҚОНЫСТАРЫНДАҒЫ» ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

*Асқарұлы Д. докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстанның тарихында өзара қарама-қайшы мәндегі саяси процестер, мемлекеттілік пен ұлттық бірегейлікті жойып жіберуге бағытталған реформалар, жеке басқа табынушылық пен жаппай қуғын-сүргіннің кең көлемде таралуы кеңестік кезеңнің еншісіне тиесілі. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның дамуын тарихшы ғалымдар түрлі көзқарастар тұрғысынан сан қилы аспектіде қарастырады. Біреулер индустриалды даму, сауатсыздықпен күрес, мемлекеттегі логистика тораптары, ғылым мен мәдениет орталықтарының құрылуын баса назарға алса, енді біреулер саяси қуғын-сүргін, ғылыми негізсіз аграрлық және экономикалық реформалардың қаржылық және табиғи зардаптарын тізбектеумен өз позицияларын аргументтейді. Менің ойымша, кез келген тұлғаның да, саяси жүйенің де белгілі бір деңгейде оң да теріс те жақтары болады. Мәселе сіз бұл объектіге қай қырынан келіп қарауыңызда... Одақтық уақыттың жетістіктерімен қатар салқын салдары да мол болды, солардың бірегейі ретінде кеңес халықтарын күштеп жер аудару – депортациялауды атауға болады. Депортациялаудың кеңестік үлгісі саяси жүйенің, саяси билік өкілдерінің жеке амбицияларының, империялистік мақсаттарының көрінісі деп білемін. Халықтарды күштеп жер аудару соғыс жағдайында жүргізілгендіктен Қазақстан тылдағы территориясы жағынан ең алып ел ретінде, сондай-ақ майдан шебінен эвакуацияланған кәсіпорындардың да көптігімен басты депортациялау «қонысына» айналдырылған болуы ықтимал деген ойға келеміз. Әрине, қазақ ұлтының тұтастығын, болашақ даму перспективаларын шектеу мақсатының кеңестік билікте қарастырылғандығын да бағамдауымызға болады.

Қазақстандық тарихшы Манаш Қозыбаев Қазақстан 1930 жылдардан бастап « сталиндік халықтар түрмесіне» айналды деп мәлімдейді. Расымен де, Қазақстандағы әр бесінші тұрғын арнайы жер аударылған контингенттің өкілі болатын [1, 43-б.]. Осынау тоталитарлы жүйенің сарқыншақтары әлі күнге дейін посткеңестік елдерден толық арылып болған жоқ. Оны біз қазіргі геосаяси қақтығыстар мен ел билеудегі компартиялық мектептен шыққан билеушілердің іс-қимылдарынан, саяси шешімдерінен, авторитарлы шешімдерінен көріп келеміз.

Шешен мен ингуш халықтарының күштеп жер аудару салдарынан құраған адам шығыны 200 мыңға дейін барған. Бұл шынайы геноцид деп есептеуге болады. Басқа да жер аударылған корей, неміс, түрік халықтарына қарағанда шешен мен ингуштарды сан тарапқа бөлшектеп, шашырата қоныстандырған [1, 67-б.]. Бір халықты өте көп бөлікке бөліп қоныстандыру, тұтас ұлттық негізде арнайы шаруашылықтар құрмау, өзге де құқықтық шектеулер арнайы жер аударылған халықтардың ұйымдасып тіршілік үшін күресу мүмкіндіктерін бірнеше есе кеміте түскені анық.

Қазақстанға кеңестік тоталитарлық жүйенің алғашқы күндерінен бастап түрлі жаламен, түрлі баппен одақтың түкпір-түкпірінен жеке тұлғалар, әулеттер, әлеуметтік топтар, тұтас ұлттар күштеп жер аударылып отырды. Оларды елдегі ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, тас жолдар мен темір жолдар құрылысында арзан, құқықтары төмен жұмыс күші ретінде пайдалану қалыпты іс болды. Сөзіме дәлел ретінде КСРО Жол тораптары халық комиссарының орынбасары И.Д. Гоциридзе мен Ішкі істер халық комиссарының орынбасары В.В. Чернышовтың арнайы жер аударылғандарды біртіндеп темір жол құрылысы жұмысынан босату туралы хатын қарастыруыма болады. Бұл хат 1940 жылдың 2 қыркүйегінде «құпия» айдарымен бекітіліп, Қазақ КСР территориясындағы темір жол құрылысы турасында баяндайды. Нақты айтсақ Қарағанды – Балқаш, Ақмола – Қарталы, Жезқазған бағыттарындағы темір жолдары көрсетіледі. Омбы темір жол тораптарының басшылығы темір жол құрылысындағы арнайы жер аударылғандарды жұмыстан босату турасындағы ұсынысын хат авторлары мүмкін емес деп танып, өз сөздерін дәлелдеп, арнайы жер аударылғандарды темір жол құрылысынан біртіндеп қана босату керектігіне түсіндірме береді [2, 63 б.]. ХХ ғасырдағы темір жол құрылысының ауыр жұмыс қатарында болғандығы баршамызға аян, сол себепті мұндай

екпінді құрылысқа жергілікті халықпен қатар арнайы жер аударылғандарды да кең көлемде қатыстырғандықтары түсінікті.

1944 жылдың 12 мамырында Қазақстан КП (б) ОК хатшысы Н.А. Скворцовқа Солтүстік Кавказдан арнайы жер аударылғандарды қоныстандыру және жұмыспен қамту жөнінде Жамбыл облыстық комиссиясының баяндама хатын жолдайды. Хатта 1943 жылдың аяғы мен 1944 жылдың көктемі аралығында облысқа Солтүстік Кавказдан 11 594 арнайы жер аударылған отбасы әкелінгендігі баяндалады. Ұлттық сипаты бойынша олар: қарашайлар – 6097 отбасы, 19 999 адам; шешендер – 4161 отбасы, 17 106 адам; балқарлар – 1329 отбасы, 5324 адам; ингуштар – 7 отбасы, 27 адам. Арнайы жер аударылғандар Жамбыл облысының барлық аудандарын қанша адамнан қоныстандырылғандығы да ұсынылады. Еңбекке жарамды бірқатары жұмысқа ынтасыз, немқұрайлы қарайды делінеді. Жұмысқа жақсы белсенділікпен қарашайар және балқарлар жұмылуда деп аталады. Сонымен қатар, арнайы жер аударылып келгендерді азық-түлікпен қамту шараларының жеткіліксіздігі салдарынан ашығу, ісіну, өлім фактілерінің орын алғандығына баса назар аударылады. Азық-түліктің жетіспеуі, арнайы жер аударылып келгендердің саяси наразылығы салдарынан колхоздар мен совхоздарда мал ұрлау жайттары да кең көлемде орын алғандығы да түрлі дәлелдермен, «бүлікші» деп саналған арнайы жер аударылған азаматтардың сыртынан жазылған арыз мәтіндерімен толықтырылады [2, 364-б.]. Арнайы жер аударылғандардың ауыр тұрмыстық жағдайының көрінісі Қазақстанның барлық аудандарында ұқсас болды деп топшыласақ болады. Айырмашылығы кейбір облыстарда климаттық жағдай, құрылыс материалдары мен шенеуліктердің арнайы жер аударылып келгендерге деген көзқарасының алуан түрлілігінде ғана болуы мүмкін. Арнайы жер аударылып келгендердің естеліктерінде ашыққан кезде жеуге жарамды шөптердің тамырларын да азық еткендіктері жөнінде мәліметтерді көруімізге болады. Кеңестік жарлықтар, қаулылар әрбір арнайы жер аударылып келген азаматқа «жаңа қоныста» қалыпты өмір сүруге қатысты жағдайды қалыптастыруға қажетті барлық мәселелерді қамтитындай көрінгенімен, ақиқатында алдын ала дайындықсыз, күштеп жүргізілген депортация соғыс жағдайында мыңдаған адамдардың өлім-жітіміне саналы түрде итермелеу болып табылады.

1944 жылдың 22 шілдесінде КСРО ІІХК арнайы қоныс бөлімі басшылығы арнайы жер аударылғандардың балаларының білім алу бойынша анықтамалық ақпарат жариялап, республикалардың әкімшіліктеріне жолдайды. Бұл құжат бойынша қарашай, шешен, балқар, ингуш, қрым татарларының балалары оқу орындарында орыс тілінде білім алулары керек. Арнайы жер аударылғандардың балалары білім алу мақсатында білім беру мекемесі орналасқан жерлерге көшірілулеріне рұқсат, бірақ сол жерден (қала, аудан орталығы, ауыл т.б.) арнайы органдардың рұқсатынсыз өзге елді мекенге орын ауыстыруларына болмайды деп көрсетілген. Білім алу мақсатында білім беру мекемесі орналасқан елді мекенге балалардың қоныс аударуына рұқсат беру ісі одақтас республикалардың Ішкі Істер Халық Комиссариаттарына жүктелген [3, 185 б.]. Белгілі бір мөлшерде көшіп-қону бостандығы берілгенімен одан арғы қозғалыс құқықтары арнайы жер аударылған балалар үшін оқу орнымен, оқу орны орналасқан елді мекенмен шектелгендігін көреміз. Өз туған отандарында орыс тілімен қатар ана тілдерінде білім алу құқықтары болған арнайы жер аударылғандар енді тек кеңестік орыс тілінде ғана білім алу мүмкіндігімен шектелді. Білім алушылардың өзі азаматтық әкімшілік мекемелерімен емес, ІІХК тарапымен қадағаланды. Жұмысшы, шаруа санатындағы арнайы жер аударылғандар колхоз, совхоз, кәсіпорындарда бұрынғы «крепостнойлардың» күйін кешсе, балалары оқу орындары орналасқан елді мекендерде «ашық аспан астындағы резервацияда» жазасын өтегендей хәлде болды.

Қазақстанның барлық облыстарында, әр облыстың аудандарында түрлі ұлт өкілдері, тұтас халықтар депортацияда ғұмырларының бір бөлігін өткізгендігі тарихи деректерден белгілі. Солардың бір бөлігі еліміздің шығысында «жазаларын» өтеді. Архив деректеріне жүгінер болсақ келесі мәліметтерді көреміз. 1944 жылдың қазанында Қазақстан КП (б) ОК-нің Шығыс Қазақстан облысының КП (б) обкомы А.А. Адилловқа облыстағы түсті металлургияда қызмет етуші арнайы жер аударылғандардың баспана жағдайы турасында директива шығарады. Директива мазмұнында қыс мезгілінің жақындауына қарамастан түсті металлургиядағы арнайы жер аударылғандарға тиісті баспаналарда еден төселмегендігі, пеш салынбағандығы, терезелері шыныланбағандығы, басталған баспана құрылыстары аяқталмағандықтары айтылады. Арнайы жер аударылғандардың адам тұруға

лайықсыз «баспаналарда», жазғы күркелерде антисанитариялық жағдайда күн кешіп жатқандығы көрсетіледі. «Алтайстрой» трестіндегі арнайы жер аударылғандардың жағдайы аса ауыр екендігіне назар аудартылады. Орман басқармасындағы «Алтайполлиметалл» жұмысшыларының 286 арнайы жер аударылған отбасы өмірге қолайсыз жағдайда шағын баспаналарда көп адамнан топтасып тұруы салдарынан биттеу, сүзек ауруына шалдығу факттерінің жиілегендігі жайында дәлелдер келтіріледі [4]. Бұндай ауыр тұрмыстық жағдай басқа облыстарда да орын алды, соғыс жағдайында онсыз да дағдарыс шегінде тұрған елде жергілікті халықта ауыр жағдайда еді, ал барша құқықтарынан айрылып, туған отандарынан күштеп жер аударылып әкелінген халықтардың жағдайы тіпті мүшкіл болды.

1945 жылдың 8 қаңтарында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің №35 қаулысы жарық көрді. Қаулыға КСРО ХКК төрағасының орынбасары В. Молотов пен КСРО ХКК істерінің басқарушысы Я. Чадаев қол қойды. Қаулы арнайы жер аударылғандардың құқықтық жағдайы турасында еді. Қаулы бойынша арнайы жер аударылғандар қаулыда көрсетілген шектеулерден басқа барлық азаматтық құқықтарға ие делінген. Әр жерде Еңбекші депутаттарының кеңестері жергілікті ИХК бөлімдерімен келісілген түрде арнайы жер аударылғандарды түрлі салада жұмыспен қамтуға міндеттелетіні де сөз етіледі. Арнайы жер аударылған тұлғалар өздері бекітілген елді мекеннен ИХК арнайы комендатурасының коменданты рұқсатынсыз еш жерге өз еркімен шығуға құқықсыз деп танылды. Әр отбасының басшысы өз жанұясындағы бала туу немесе өлім фактісін комендатураға 3 күннен кешіктірмей хабарлауы тиіс болды. Комендатураның рұқсатынсыз өзге елді мекенге, өзге ауданға сапарға шығып кеткен арнайы жер аударылушы «қашқын» деп танылып қылмыстық жауапкершілікке тартылуы негізделді. Өздері қоныстандырылған елді мекенде бекітілген тәртіпті бұзғаны үшін арнайы жер аударылғандар 100 рубль көлемінде айыппұл немесе 5 тәулікке дейін қамауға алынуы көзделді [5, 120-б.]. Бұл қаулының өз-өзіне кереғарлық астарын бір оқығаннан байқауға болады. «Қаулыда көрсетілген шектеулерден басқа барлық азаматтық құқықтарға ие» деп келетін тұсы әдемі көрінгенімен расында адамның басты құқықтарын шектеуге жұмыс жасады. Себебі, адамның басты құқығының бірі еркін жүріп-тұру, қозғалыс еркіндігі. Қоныстандырылған елді

мекен аумағынан рұқсатсыз шықпау дегеніңіз темір торы жоқ түрмеде өмір сүру дегенге тең. Одан бөлек арнайы жер аударылғандар ана тілінде білім алуға, өз ойларын ашық, цензурасыз жариялауға, басшылық қызметтерге сайлануға байланысты құқықтарынан айрылды.

Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің министрі генерал-майор Пчелкиннің Қазақстанда қоныстандырылған арнайы жер аударылғандардың шаруашылық орналастырылуы бойынша 1946 жылдың 1 шілдесіндегі анықтамасы арнайы жер аударылғандар бойынша бірқатар мәліметтер береді. Нақтылар болсақ, Қазақстанға жаппай жер аудару кезеңіне жататын 1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказдан – 471 871 адам, Грузин КСР-нан – 28 073 адам, Қрымнан – 4 376 адам, 2 236 қалмақ ұлтының өкілі, барлығы – 506 656 арнайы жер аударылушы әкелініп қоныстандырылған. Бұл сандарға кейін жеке эшелондармен әскерден демобилизацияланып келгендер, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандар қосылған. Егер 7 976 сәби қазақ жеріне келген соң дүниеге келсе, 73 681 адам дүниеден өткен. Олар әдетте колхоз, совхоздарға, кәсіпорындарда, құрылыс ұйымдарында белгілі бір деңгейде жұмысқа орналастырылған. Өлім-жітімнің ең көп болған облыстары ретінде Ақтөбе, Қызылорда, Семипалатинск, Оңтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстары аталады. Қоныстандыру уақытынан 1946 жылдың 1 шілдесіне дейінгі аралықта 6 896 арнайы жер аударылған азамат бекітілген елді мекендерінен қашқан, 4 557-сі ұсталған, 2 339-ы іздеуде саналған [3, 179-б.]. Бұл деректерден байқағанымыздай қарастырылып отырған уақыт аралығында дүниеге келген әр сәби мен қатар 10 адам дүниеден озып отырған. Одақтық биліктің шешімен мүлдем келіскісі келмейтін арнайы жер аударылғандар тарихи отандарына қашуға дейін барған. Кейбіреулері Қазақстанның өзге облыстарына (табиғи, шаруашылық жағдайы қолайлырақ жақтарға) қашуды жөн көрген. Екі-ақ жыл көлемінде елімізге жарты миллион адам депортацияланып әкелінген. Деректе арнайы жер аударылғандардың негізінен қай елден көшірілгендігі аталады, егер ашып айтар болсақ Солтүстік Кавказдан әкелінген халықтардың өзі негізінен : қарашай, балқар, ингуш, шешендер. Өзге елдерден әзірбайжандар, гректер, қалмақтар, қрым татарлары және т.б. Тарихи отандарынан титулды ұлттарды күштеп көшіргеннен кейін олардың жерлерін көрші одақтық елдерге бөліп беру немесе ол жерге өзге ұлт өкілдерін қоныстандыру практикасы кеңінен орын алған. Әлі күнге дейін тарихи ата

қоныстарының бір бөлігін өз иеліктеріне қайтара алмай келе жатқан халықтар да бар.

Ойымызды түйіндер болсақ кеңестік Қазақстанға халықтарды күштеп жер аудару салдарынан жүздеген мың адам депортациялау барысында, Қазақстанға жеткізілгеннен кейін. Азық-түлік, баспана, киім-кешек жетіспеуі, антисанитариялық жағдайда көп адамды тұруға жарамсыз ғимараттарға қоныстандыру, қарапайым сабын, монша, дезинфекциялау камераларының тапшылығы түрлі эпидемиялық аурулардың, өлімнің таралуына жағдай тудырды. Одақтық биліктің алдын ала есептеулі жоспарсыз тұтас халықтарды депортациялауы, барша ауыртпалықты республикалардағы жергілікті билікке артып тастауы, құжат жүзінде бар, іс жүзінде жоқ көмек шараларын ұйымдастыруы мен жер аударылғандардың құқықтарын қатаң шектеп аяққа басуы адамзат тарихындағы қазалы кезеңдердің біріне жол берді. Адам құқықтарын, өмірін сақтауды өзіне приоритет етіп санамайтын биліктің іс-әрекеттерінің өз азаматтарына қауіпті екендігін алдағы тарихымызда, бүгінгі өмірімізде ұмытпағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Калыбекова М. История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.) – Алматы, 2008. – 188 с.
2. Из истории депортаций. Казахстан. 1939-1945гг. Сборник документов. Т.3. – Алматы: ЛЕМ, 2019. –708 с.
3. Депортация карачаевцев. Документы рассказывают. Сборник документов. (Составитель ... Тебуев Р.С.). –КЧИГИ, Черкесск, 1995. – 344 с.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, 708-қ., 8-т., 97-іс., 35-п.
5. Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР, 1930 – 1960 / В.Н. Земсков; Ин-т рос. Истории. – М.: Наука, 2005. – 306 с.